

ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Бекзада Сағын,

Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің Жалпы бөлімі
меңгерушісінің орынбасары,
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология
комиссиясының мүшесі,
филология ғылымдарының
кандидаты



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тілге арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы тарапынан айтылған сындарлы пікір қоғамда ой толқынысын туғызды, аталған мәселенің ұлттық терминологияны, заң терминдерін қалыптастыруға да тікелей қатысы бар.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет» деп көрсетіп, алдағы жұмыс бағытын «Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек» – деп тұжырымдаған болатын.

Бұл тақырыпқа ел басшылығының әрдайым ерекше ден қойып, баса көңіл бөлуі бекер емес. Себебі қай кезде де тілдің терминдену дәрежесі оның бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты өлшемдердің бірі болған. Бұл тұрғыда қазақ тіл білімінің ғұламасы, академик Ә.Т. Қайдар «тіліміздің бүгінгі

күйі мен ертенгі жағдайы терминологияның даму деңгейімен, реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді» дейді. Бұл мәселенің ұлттық терминологияның бір саласы заң терминдерін қалыптастыруға да тікелей қатысы бар.

Зерттеушілердің пікіріне жүгінсек, елімізде терминтану саласы ХХ ғасырдың басында қалыптасып, дами бастаған. Бұған жоғары білімді ұлт кадрларының ағартушылық қызметі түрткі болған. 1924 жылғы маусым айында Орынборда өткен Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезінде қазақ терминологиясын қалыптастырудың алты тармақтан тұратын алғашқы қағидаты бекітілген. Ал 1926 жылы А. Байтұрсынұлы терминжасам жөніндегі өз қағидаттарын ұсынды. Оларда ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу, ондай сөздер болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу, жаппай қолданылатын әлемдік терминдерді қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертіп қабылдау көзделген. Осы кезде аударма сөздікке негізделген терминологиялық сөздіктер де көптеп жарық көре бастады. Сонымен қатар түрлі газет беттерінде терминдік сипаттағы сөздер беріліп, көпшілік талқысына ұсынылып отырған. Бұған Ә. Марғұланның 1930 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Мынау пән атаулары дұрыс па?», «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген тақырыптағы материалдарын мысал ретінде келтіруге болады (*сол кезде «термин» сөзі «пән атауы», «пән сөзі» деп те алынған – ред*).

1927 жылы 25 сәуірде Қазақ АКСР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының ережесі бекітіліп, бұл іс бір жүйеге түсе бастайды. Алайда 1930-жылдардан бастап интернационалдық терминдер мен орыс тіліндегі атауларды тілімізге түпнұсқадағы пішінін бұзбай, сол қалпында қабылдау үрдісі басталды. Әліпбиімізге тіл табиғатына тән емес дыбыстар, бөтен префикс пен жалғаулар енгізілді. Емле ережелері де осы бағытта құрастырылды. Терминологиялық лексикамыздың шұбарлануына әкелген бұл жағдай сол кезде қалыптаса бастаған ұлттық терминжасам қағидаттарын бұзды.

Соның салдарынан 1990-жылдарға қарай бүкіл терминологиялық лексиканың шамамен 10 %-ы ғана ресми бекітілді. Осы деректің өзі тәуелсіздік алар тұста ұлттық терминологияның үлес салмағы қандай болғанын анық аңғартса керек. Оның үстіне терминтану саласы терең зерттелмегендіктен термин түзуге негіз болатын ғылыми еңбектер де жетіспеді.

Еліміз егемендік алып, жаңа қоғамдық қатынастар жаппай орнығып жатқан кезде, тілдік айналым жаңа терминдермен толығы берді. Соның бәрін қазақ тілінде қабылдауға ұмтылыс ерекше болды. Бірақ қалыптасқан жүйенің жоктығы оны рет-ретімен жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

Академик Ә.Т.Қайдар бұған «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыру, алмастыруы тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархия) жол беріле бастады» деп баға берді. Терминдер тілдік табиғатымызға сай келетін-келмейтініне қарамастан, сол күйінде алынды не ортақ баламасы болмағандықтан, әртүрлі аударылып, қолданыла бастады. Әсіре қазақшалауға ұмтылу сияқты сынаржақ әрекеттер белен алды.

Терминологиядағы мұндай ала-құлалық ресми түрде бекітілген де, бекітілмеген де сөздіктерде кең етек алды. Зерттеушілер оларда сөздік жасаудың қарапайым академиялық қағидаттарын айтпағанда:

- терминологиялық, салаішілік, салааралық бірізділікті сақтамау;
- қолдан жасанды сөз жасауға әуестену;
- жалғауларды әркелкі жалғау, әртүрлі сөз таптарынан термин жасау;
- салаға қатысы жоқ атауларды термин ретінде алу сияқты кемшіліктердің көп кездесетінін атап көрсетеді.

Ш. Құрманбайұлының дерегінше, 2014 жылы елімізде 240-тан астам сөздік болған. Одан бергі кезеңде түрлі салаға қатысты сөздіктердің шығу қарқынын ескерсек, бұл сан одан да көп болуға тиіс.

Жалпы терминология саласындағы бұл жағдай енді қалыптасып келе жатқан құқықтану терминдеріне өз ықпалын тигізбей қоймады. Өйткені заң терминдері Мемтерминком мақұлдаған нұсқаларға негізделеді.

С.Құлмановтың пікірінше, бұл заңнамада: 1) орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы (мұнда қазақ тіліндегі осы нұсқалар орыс тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы кездеседі); 2) қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы (мұнда орыс тіліндегі осы нұсқалар қазақ тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы кездеседі); 3) орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы (сонымен қатар бір ғана сөздің әртүрлі қосымшалар жалғанып немесе жалғанбай аударылуы да кездеседі) сияқты проблемаларды туындатты. Ол мұндай сәйкессіздікті: 1) бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға (мысалы, сала мамандарының ғылыми тұрғыда негізделген пікірлері, «тілдік қалыптасу факторы», терминнің семантикалық әлеуеті, шығу төркіні және т.б.) байланысты бір терминнің бірнеше нұсқасы бекітілді (ұсынылған, мақұлданған, тіпті қабылданған, бекітілген терминдер қайта қаралып, қайта бекітілді); 2) заңнамада қолданылған терминдерді өзгертуге болмайды деген уәж оларды бекітілген терминдермен бірізге түсіруге кедергі келтірді; 3) салалық терминологиялық сөздіктерде қамтылған терминдер бекітілген терминдер сөздігіндегі баламалармен қатаң түрде сәйкестендірілмеді деген жайттармен де түсіндіруге болады дейді.

Қазіргі уақытта заңнамада терминдік тұрғыдан орын алған осындай олқылықтар тиісті актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында біртіндеп түзетіліп жатыр. Сонымен қатар заң терминдері мен нормаларында «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптардың сақталуына, екіұдай не басқа мағынаға жол бермеуге, терминдік бірізділік пен тезаурусты қамтамасыз етуге баса мән беріліп отыр.

Соңғы жылдары Республикалық терминологиялық комиссия терминдерді мақұлдап, «Termincom.kz» сайтында көпшілік талқысына ұсыну жұмыстарын қарқынды әрі сапалы түрде жүргізіп келеді. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары салалық терминологиялық сөздіктердегі терминдерге кешенді сараптама жасаумен айналысуда. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде жаңа терминдер бірінші рет бекітуге ұсынылса, кейбір бекітілген терминдерге ғылыми сараптама жасалып, қайта бекітілуге ұсынылады. Ол салалық терминологиялық сөздіктерден іріктеп алынып, бекітуге немесе қайта бекітуге ұсынылатын терминдердің анықтамаларын (дефиницияларын) келтіру; әзербайжан, қырғыз, өзбек, түрік, ағылшын, испан, неміс, француз тілдеріндегі қолданыстағы нұсқаларын (синонимдерімен бірге) беру; заңнамадағы қолданысын көрсету; нақты ұсыныстар беру арқылы іске асырылады. Осындай күрделі де кешенді сараптама жұмыстарының нәтижесінде мақұлданған терминдердің баламалары,

заңнамадағы қолданысы және салалық терминологиялық сөздіктердегі нұсқалары сәйкестендіріледі.

Ендігі жерде қазақ терминологиясының алдында тұрған басты әрі қажетті міндет – терминдерді стандарттау. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында терминжасамның әлсіз стандартталғаны (тура аударма, кірме сөздер) айтылған.

Бұл да зерттеушілердің назарында жүрген мәселе. Мысалы, Е.З.Қажыбек терминдерді стандарттау үш кезеңде жүргізілуге тиіс деп, онда атқарылатын жұмыстар қатарында оның ғылыми-теориялық лингвистикалық және нормативтік-құқықтық негіздерін зерттеу, шетелдік жұмыстармен танысу, тәжірибе алмасу, нұсқаулық әзірлеу, терминдерді салаларға бөлу, түрлі сала мамандары мен терминологтардан тұратын секциялар құру қажеттігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, атқарылған жұмыстың нәтижесі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында лингвистикалық сараптамадан өткізіліп, Ғалымдар кеңесінің шешімімен Республикалық терминология комиссиясына ұсынылады.

Алдағы уақытта мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте түсу мақсатында стандарттау жұмысын дәйекті де жүйелі түрде іске асыру, нәтижесінде стандартталған терминдерді көпшіліктің қолданысына ұсыну – екшелген, тұрақты терминжасам қорын түзудің кепілі болмақ.